

## **«Жолда жұру ережелері» міндетті оқу курсын іске асыру;**

2023-2024 оқу жылында «Жолда жұру ережелері» оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспары 1-4-сыныптарда әр сыныпта 6 сағаттан, 5-8- сыныптарда әр сынапта 10 сағат көлемінде жүргізілді. Сынып жетекшілер сынып сағатында 2023-2024 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хатта (қосымша 4) көрсетілген тақырыптар бойынша «Жолда жұру ережелері» оқу пәнін оқушыларға жүргізді. Сынып журналының сынып сағатының тақырыптарына қосымша дробь арқылы тақырыбы жазылды.

## **"Өмір кauіpsіздігінін негіздері" міндетті оқу курсын зерделеу;**

2023-2024 оқу жылында «Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты және «Білім берудің барлық деңгейінін мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінін 2018 жылғы 31 қазанды №604 бүйрықтың «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттының» 3-қосымшасы, 4-тaraу 1-параграф 75-тармақшасының 6-бөлімін және « Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттының» 4-қосымшасы, 4-тaraу 1-параграф 81-тармақшасын басшылыққа алып, 1 , 2 , 3- сыныптарында жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сынып 10 сағатты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып муғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылады. Сонымен қатар, 5 , 6 , 7 , 8 , 9 сыныптарында оқу жүктемесі 15 сағатты құрайды және дене шынықтыру пәні муғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылады. "Өмір кauіpsіздігі негіздері" интеграцияланған білім беру бағдарламасы «Алғашкы әскери және технологиялық дайындық пәні бойынша оқыту» КР Білім және ғылым министрінін 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бүйрығымен, КР БМ 2017 жылғы «27» шілдедегі 207- косымша №352 бүйрығымен оқу бағдарламасы жүзеге асырылады. 10 сынып жылдық оқу жүктемесі 12 сағат, 11-сыныпта жылдық оқу жүктемесі 16 сағатты құрайды, алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні оқытушысы жүзеге асырады.

## **Талдау нәтижелері: 2023-2024 оқу жылы**

Кеңсахара ЖОББ мектебі оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектептегі іс-шараларға, үйірмелер мен секцияларға тарту жұмыстары үнемі жүргізіліп отырады. Мектепте үйірмелер мен секциялар жұмыс жасайды. Олар – «Қызықты математика» үйірмесі, еркін күрес, волейбол, үстел теннис, жеңіл атлетика, футбол секциялары.

2023-2024 оқу жылында оқушылар барлық саны - 104. Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға оқушылардың қатысу нәтижелері:

Халыкаралық, республикалық - 0%

Облыстық - 15 %

Аудандық - 25%

Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді менгеруге, ұлттық дәстурлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылыктарды дарытуға бағыталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағалау кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі);

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесі құжаттарға сәйкес жүргізілді: «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы; Қазақстан Республикасының Конституциясы; «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011жыл; « Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы; «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы; «Балаларды деңсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы; «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заны; Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытуды 2020 - 2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген.

Тәрбие құжаттары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес жүргізілді.

2023-2024 оқу жылында еліміздің барлық жалпы білім беретін мектептерінде «**Біртұтас тәрбие бағдарламасы**» жобасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылыкты-бағдарлық тәсілін енгізу тәрбие жұмысының ерекшелігі болып табылады. Аталған бағдарлама бойынша білім алушылардың ата-аналарымен, әлеуметтенудің басқа нысандарымен ынтымақтастықта ұйымдастырылған шаралар негізінде тәрбие жұмысы негізгі тәрбие құндылықтар аясында жүзеге асырылды.

Тәрбие құндылықтары:

Ұлттық мұdde,  
Ар-ұят,  
Талап.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адаптация өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
- 10.«Ата-аналар мектебі»

Әр жоба бойынша жауапты адам бекітіліп, жоспар құрылды және жұмыс атқарылды.

Сонымен қатар «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» және «Даналық мектебі» қызметі жұмыс атқарды. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының бағдарламасына сәйкес ата-аналарға арналған оқыту кестесі құрылды. «Даналық» мектебінің жұмыс барысында «Аталар, әкелер, ағалар» және «Әжелер, аналар, женгелер» ақыл-кеңес, үлгісі енгізілді.

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» және «Даналық мектебі» қызметі жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесі құжатарға сәйкес жүргізілді:

1. «Балаларды денсаулығына және дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына ҚР 19.04.2023 № 223-VII Заңымен өзгеріс енгізілді, 3-тарау, 10-бап.

2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметіне байланысты мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 1 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 127-1-бап.

3. 2011 жылғы 26 желтоқсандағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі. Мазмұны ҚР 2022.05.03 № 118-VII Заңымен алдынап тасталды.

4. «Бала құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы.

5. «Қазақстан Республикасындағы отбасылық және гендерлік саясат түжірымдамасын 2030 жылға дейін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығына ҚР Президентінің 13.04.2023 № 195 Жарлығымен енгізілген өзгерістер енгізілді.

6. «Балалардың хал-ахуалының индексін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы №21- өкімі.

7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы №569 «Кемелетке толмағанға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездік фактілерін анықтау және олармен жұмыс істеу жөніндегі ведомствоаралық өзара іс-қимыл жөніндегі басшылықты бекіту туралы» бұйрығы.

8. Киберқауіпсіздік тұжырымдамасын бекіту туралы («Қазақстан киберқалқаны») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 407 қаулысына ҚР Үкіметінің 17.03.2023 № 236 қаулысымен өзгеріс енгізілді.

Кеңсахара ЖОББ мектебінің тәрбие бойынша барлық өткізілген іс-шаралар мектептің Инстаграмм, фейсбук парақшаларында жарияланып отырады. Сілтемелері: [https://www.instagram.com/martuk\\_kensahara\\_jobbm/](https://www.instagram.com/martuk_kensahara_jobbm/)

Кеңсахара ЖОББ мектебі оку жылдарының басында ата-аналар қауымдастырымен жұмыс жоспары жасалып, мектеп директорымен бекітілген. Жоспарға сай іс-шаралар жүргізілген.

Мектептегі әр окушының ата-анасымен келісім-шарт жасалған. Әр оку жылы барысында мектепішілік және барлық кластарда ата-аналар жиналыштары өткізіліп, оку-тәрбие мәселелері, қауіпсіздік шараларымен таныстырып, қажетті мәліметтерге байланысты жеке жұмыстар жүргізіліп келген.

Ата-аналар жиналышының хаттамалары жинақталған.

Жыл бойына ата-анамен бірлескен жұмыс жоспарына сай атқарылған жұмыстар фотоесебімен жинақталған.

Кеңсахара ЖОББ мектебі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру үйімдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын үйімдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларының» 2 тарау 5 тармағы негізінде Қамқоршылық кеңесі құрылған.

Қамқоршылық кеңесінің құрамына 9 адам кіреді.

Қамқоршылық кеңесі мүшелері окушылардың мектеп Жарғысына сай ішкі тәртіп ережелерінің, мектеп формасының сақталуы туралы мәліметтерді ата-аналар жиналышында назарларына жеткізіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізіп отырған. Оку жылы барысында өткізілетін мәдени-қоғамдық іс-шаралармен бірге «Мектепке жол», «Қамқорлық» акцияларын үйімдастыруда қатысқан. Әлеуметтік көмекті қажет ететін аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан окушыларға мектеп формасынан, кеңсе тауарларынан материалдық көмектер үйімдастырған.

Кеңсахара ЖОББ мектебі Қамқоршылық кеңес отырыстары әр тоқсанда 1 рет өтіп отырған.

Сонымен қатар, жыл бойына мектепте өтетін іс-шараларға, «Адалдық сағаттарына» кеңес мүшелері белсенді түрде қатысып отырған.

Жемқорлыққа қарсы стратегия жұмысын жүзеге асыру туралы мектеп директорының бұйрығы шығарылып, жұмыс тобы құрылған. ҚР 2023-2024

жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы негізге алдынып, жұмыс жоспары құрылған.

«Ақтөбе облыстық білім басқармасы» ММ ҚР мемлекеттік қызмет істері Министрлігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің берген тапсырмасы негізінде рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасы басшылыққа алдын моделді іс-шаралар жоспарына сәйкес «Адал ұрпак» ұйымы ашылып, оқушылар қабылданған.

Мектепте «Адалдық дүкені» жұмысы ұйымдастырылған.

Кеңсахара ЖОББ мектебінде кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз, панасыз қалуының, құқықбұзушылық пен қылмыс жасауының алдын алуға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келген.

Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектепте Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі құрылып, айына 1 рет Кеңес отырысы өтеді. Кеңестің жылдық жұмыс жоспары Құқықбұзушылықтың алдын алу кенесі туралы Ережесіне сай құрылып, бекітілген, хаттамалары толтырылған.

Мектепте «Тәртіп сақшылары» отряды, «Құқықтық білім беру мектебі» жұмыс жасайды. Сенім телефоны мен жедел желінің үздіксіз жұмысы қамтамасыз етілді. Сенім телефоны нөмірі: 72-0-49.

Мектепте бейнебақылау камералары орнатылған. Саны 8 (3 сыртқы, 5 ішкі). Мектепте 3 түнгі мекеме күзетші бар, күндізгі уақытта мектеп бойынша бүйрықпен бекітілген кезекшілер бар. Мекеменің жарғысына тыйым салынған заттарды алып кіруге шектеу қою тарауы кіргізілген, мектепте аталған ережемен ата-аналар және оқушылар таныстырылған. Мектепте сұық қару, пышақтар және қастеттерді алып жүргөнде тыым салуға байланысты жалпы ата-аналар жиналыштары өткізілген.

Кәмелетке толмағандардың арасында шаншып-кесетін заттарды қолдануымен болатын жанжалдарды алдын ала болжау және болдырмаудың жаңа тәсілдерін әзірлеу мақсатында, басқа мектептердің тәжірибелерімен танысу үшін жұмыстар жүргізіліп келген.

Кәмелетке толмағандардың туған ата-аналарымен бірге түрмайтын отбасыларды (өгей әке, некесіз біргетүрушы т.б.) анықтап, олардың бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылу фактілерін анықтау мақсатында оқушылар тізімі жасалып, осы тізімде көрсетілген балалармен жұмыстар атқарылып келген.(Ондей отбасы анықталмады)

Кеңсахара ЖОББ мектебі бойынша аудандық ПБ есепте тұрған оқушы жоқ. Мектеп бойынша қолайсыз отбасы жоқ және «тәуекел тобында» да тұрған балалар жоқ.

Мектеп психологі түрлі диагностика, психокоррекция, ағартушылық жұмыстар жүргізген. Мектепішілік спорттық үйірмелерге қатыстырылып, қоғамдық жұмыстарға да жұмылдыру жұмыстары жолға қойылған.

Іс-шаралар, рейдтік жұмыстар және профилактикалық әңгімелер мен дәрістер өткізіліп, материалдары жинақталған.

Қылмыстың және құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында класс жетекшілер құқық бағытында класс сағаттарын өткізген. Оқушылардың құқық бұзушылығының алдын алу мақсатында ағартушылық жұмыстары жүргізілген. Мектепте «Тәртіп сақшылар» тобының жұмыс жоспары жасалып, бекітілген. Жоспарға сәйкес құқық қорғау органды маманының қатысуымен «Мектепте кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар және қылмыс жағдайлары» атты тақырыпта кездесу үйымдастырылған. Оқушылар арасында алкогольдік сусындарды, психоактивті заттарды, нашақорлық қолдануларының алдын алу мақсатында дәрістер оқылған. Құқықтық тәрбие мен құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің жұмыстарының нәтижесінде тәрбие саласының аталған бағытына сәйкес, басқа қоғамдық мекемелермен байланыста жүйелі түрде жұмыс жасайды.

«Сенім телефоны» (72-0-49) 09.00-18.00-ге дейін жұмыс жасайды. Кеңсахара ЖОББ мектебінің директорының бүйректерімен жауапты маман бекітілген (Қалжанова Л.Ж.).

2023-2024 оқу жылы «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефонына» оқушылар мен ата - аналар тарапынан 2 сұрақ түсті.

«Сенім телефоны» мен «Сенім жәшігіне» түскен сұрақтар мен хаттардың мазмұнына қарай мектеп әкімшілігінде қаралып, жауаптары берілген.

Мектеп директоры:



М.А.Умбеталин

ДТІЖО:



Д.Т.Бисембаева